

Біліктілікті арттыру және мамандарды қайта даярлау мемлекеттік институттарының, факультеттері мен орталықтарының әдістемелік қызметін үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 10 наурыздағы N 236. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Біліктілікті арттыру және мамандарды қайта даярлау мемлекеттік институттарының, факультеттері мен орталықтарының әдістемелік қызметін үйлестіру мақсатында және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 29 шілдедегі N 849 қаулысымен бекітілген (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 32, 355-бап) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1994-1995 жылдарда реформаны тереңдету мен экономиканы тұрақтандыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Біліктілікті арттыру және мамандарды қайта даярлау мемлекеттік институттарының, факультеттері мен орталықтарының әдістемелік қызметін үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық комиссия қосымшаға сәйкес құрылсын.

2. Біліктілікті арттыру және мамандарды қайта даярлау мемлекеттік институттарының, факультеттері мен орталықтарының әдістемелік қызметін үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы қоса беріліп отырған Е р е ж е б е к і т і л с і н .

3 . < * >

Ескерту. 3-тармақтың күші жойылған - ҚРҰ-нің 1996.05.03. N 555 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 10 наурыздағы
N 236 қаулысына
Қосымша

Біліктілікті арттыру және мамандарды қайта даярлау мемлекеттік институттарының, факультеттері мен орталықтарының әдістемелік қызметін үйлестіру

**жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының
ҚҰРАМЫ**

- Біләлов Е.К. - Қазақстан Республикасы Экономика министрінің орынбасары, төраға
- Есырев О.В. - Қазақстан Республикасы Білім министрінің бірінші орынбасары, төрағаның орынбасары
- Әшімов Б.М. - Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі жанындағы Кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру, есептеу, статистика, еңбек және жұмыспен қамту республикалық салааралық институтының ректоры
- Қасабеков А.Қ. - Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің жанындағы Жоғары оқу орындары оқытушыларының біліктілігін арттыру институтының директоры
- Қожахметов А.Б. - Орталық Азиядағы менеджментті дамыту қорының президенті, Алматы менеджмент мектебінің бас директоры
(келісім бойынша)
- Крупник Л.А. - Қазақ ұлттық техникалық университетінің оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі проректоры
- Құсайынов Х.К. - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Іс Басқармасы Жиынтық экономика бөлімі меңгерушісінің орынбасары
- Нұриев М.А. - Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанындағы Басшы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін арттырудың республикалық салааралық институтының ректоры

Сатыбалдин С.С.

- Қазақтың менеджмент, экономика
және болжам жасау институты атқарушы
директорының бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1995 жылғы 10 наурыздағы

№ 236 қаулысымен

Бекітілген

**Біліктілікті арттыру және мамандарды қайта даярлау
мемлекеттік институттарының, факультеттері мен
орталықтарының әдістемелік қызметін үйлестіру жөніндегі
ведомствоаралық комиссия туралы**

ЕРЕЖЕ

1. Осы Ереже Біліктілікті арттыру және мамандарды қайта даярлау мемлекеттік институттарының, факультеттері мен орталықтарының әдістемелік қызметін үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық комиссияның (мұнан былай - Ведомствоаралық комиссия) мақсаттарын, міндеттілігін, негізгі қызметі мен міндеттерін айқындайды.

2. Ведомствоаралық комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік актілерін басшылыққа алады.

3. Ведомствоаралық комиссияны құрудың мақсаты біліктілікті арттыру және мамандарды қайта даярлау саласындағы мемлекеттік ведомстволық білім мекемелерінің әдістемелік қызметін үйлестіру процесін жетілдіру болып табылады.

4. Негізгі міндеттілігіне сәйкес Ведомствоаралық комиссияға мынадай қызмет жүктеледі:

мемлекеттік институттардағы, факультеттердегі, орталықтардағы, сондай-ақ мамандарды қайта даярлау мен біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын басқа да мемлекеттік білім мекемелеріндегі жұмыстың жай-күйін зерделеу;

мамандарды қайта даярлау мен біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын жаңа білім мекемелерін құру жөнінде ұсыныс тұжырымдау;

аймақаралық, мемлекетаралық ынтымақтастыққа және мамандарды қайта даярлау мен біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын мемлекеттік білім мекемелерінің арасындағы байланысқа жәрдем көрсету;

мамандарды қайта даярлау мен біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын мемлекеттік білім мекемелерінің пайдалануына ұсыну мақсатында республикада, сонымен бірге шет елдерде әзірленген әдістемелік материалдарды қарау;

мамандарды қайта даярлау мен біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын мемлекеттік институттардағы, факультеттердегі және басқа білім

мекемелеріндегі оқуды ұйымдастыру жөніндегі озық тәжірибені тарату;
мамандардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау мәселелері жөніндегі
нормативтік құжаттарды өзгерту мен толықтыру бойынша ұсыныс даярлау және
енгізу.

5. Ведомствоаралық комиссия Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің шешімімен құрылады. Оның құрамына мамандарды қайта даярлау мен біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органдары мен білім мекемелерінің өкілдері енеді.

6. Ведомствоаралық комиссияның мәжілісі оның жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі. Жоспардан тыс мәжіліс қажет кезде төрағаның шешімімен өткізіледі.

7. Ведомствоаралық комиссияның төрағасы комиссияның жұмысын ұйымдастырады және оның қызметін жұмыс жоспарына сәйкес қамтамасыз етеді, төраға орынбасарларының және ведомствоаралық комиссия мүшелерінің өкілдігін айқындайды.

8. Ведомствоаралық комиссияның шешімі мәжіліске қатысушы мүшелердің жай көпшілік дауысымен қабылданады.

9. Ведомствоаралық комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанындағы Басшы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін арттырудың республикалық салааралық институты болып табылады.